

## БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы

Сыбайлас жемқорлыққа карсы  
іс-қимыл агенттігінің  
(Сыбайлас жемқорлыққа карсы  
қызмет) Төрағасы

А.Ж. Шпекбаев

2020 жылғы «30» ны



### Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

#### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдар) квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа карсы саясаты іске асырудың бірыншай тәсілін қалыптастыру мақсатында әзірленді.

2. Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы заннамасының талантарына сәйкес әзірленіп, халықаралық тәжірибелі ескереді және ұсынымдық сипатта болады.

3. Осы Әдістемелік ұсынымдарда ұғымдар мынадай мағынада колданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа карсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл саласындағы заннамасын сактаудың қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, катысуышы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық жағдайында аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемкорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемкорлық тәуекелі – сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемкорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

## **2 -тaraу. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидағтары**

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенсті (бұдан әрі - сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі күжаттарына сәйкес айқындалады.

5. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер жұмысының негізгі мақсаты тиісті ұйымның (компанияның) және оның жұмыскерлерінің Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырулына мониторинг жүргізу болып табылады.

6. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуешілік таланттар мен ең үздік халықаралық практиканың сакталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Қазакстан Республикасының Занына (бұдан әрі - Зан) сәйкес, сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидағтарының сакталуын қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемкорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

7. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидағтарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделелілігі;

2) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

- 3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашыктығы;
- 5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

### **3 - тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

8. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы немесе алқалы атқарушы органды (болған кезде) кабылдайды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық жұмысқерлерінің назарына жеткізіледі.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға тартылған квазимемлекеттік сектор субъекті жұмысқерлерінің санын ұйымның штат санына байланысты және ұйымның барлық бөлімшелерінде, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің еншілес ұйымдарында, филиалдарында, өкілдіктерінде және өзге де оқшауланған бөлімшелерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеітерін тиімді орындау үшін қажетті мөлшерде айқындаған жөн.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің алқалы органға (болған жағдайда) немесе Қазакстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасы нормаларының сакталуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген өзге де адамға есеп беруін камтамасыз ету үсінілады.

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысқерінің функционалдық міндеттемелерін, құқықтары мен жауапкершілігін оның лауазымдық нұсқаулығында не жұмысқерлердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де күжаттарда айқындаған жөн.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функцияларды жүктеу үсінілады:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша ішкі күжаттарды әзірлеу;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғыргу;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті калыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

4) мұдделер қақтығысын аныктау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенесірліген адамдар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыйбайлас жемкорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сактауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік әдеп құныдылықтарын дамыту;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмыскерлерінің сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заннаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сактауын бакылау;

8) «Сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9) сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақнаратты жария ашуды камтамасыз ету;

10) сыйбайлас жемкорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға катысу;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемкорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

12) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемкорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заннамадағы, сыйбайлас жемкорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заннаманың, іскерлік әдеп пен парасағтылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сакталуын көздейтін ережелерді қосуды камтамасыз ету.

13. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мыпадай құқықтар мен міндеттемелерді беру ұсынылады:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын акпарат пен материалдарды сұратса және ала алады;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп берегін өзіне тұлғанын (органнын) карауына шығаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заннамасын бұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға катаиса алады;

5) олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер үйымдастыра және өткізе алады;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы акпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың құпиялышының сактауга міндепті;

7) сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе накты фактілері бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құниялышының қамтамасыз етуге міндепті;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы заннаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды (органды) уактылы хабарлар етуге міндепті;

9) Қазақстан Республикасының заннамасына кайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке азаматтар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы акпаратты хабарлай алатын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алатын акпарат арналарын (мысалға, сенім телефоны немесе «қауырт желі») құру ұсынылады.

15. Сыйбайлас жемқорлық комплаенс-қызмет жұмыскері мұдделер қактығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шенберінде кандай да бір өзге мұдделіліктің болуы) әken соқтыруы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) катаиспауы керек.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі ұйым жұмыскерлерін жұмыска кабылданған сәттен бастап басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырған кезде (жылына, кемінде, 1 рет) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннама талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етуі керек.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін (дәрістер, семинарлар, тренингтер) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқынайды.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-кимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерге әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумактық бөлімшелері көрсетеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке сыбайлас жемқорлықтан алдын ала сактандыру жөнінде жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін адамға (органға), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына тоқсан сайын жолдау;

2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне квазимемлекеттік сектор субъектісінің реєсми интернет-ресурсында орналастыру ұсынылады.

20. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне сыбайлас жемқорлықтан алдын ала сактандыру бойынша жүргізіліп жаткан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.